

## "Павлодар облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Павлодар облыстық әкімдігінің 2014 жылғы 26 тамыздағы № 277/8 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 10 қыркүйекте № 4003 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 2017 жылғы 16 қарашадағы № 359/6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 16.11.2017 № 359/6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандағы "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының үлгі ережесін бекіту туралы" № 410 Жарлығына сәйкес Павлодар облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған "Павлодар облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі туралы ереже бекітілсін.

2. "Павлодар облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамамен белгіленген тәртіпте:

осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелгеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімі аппаратының басшысы Р.Қ. Оразғұловқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі*

*Қ. Бозымбаев*

Павлодар облысы әкімдігінің  
2014 жылғы 26 тамыздағы  
№ 277/8 қаулысымен  
бекітілді

# **"Павлодар облысы әкімінің аппараты"**

## **мемлекеттік мекемесі туралы ереже**

### **1. Жалпы ережелер**

1. "Павлодар облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Павлодар облысы әкімінің қызметін ақпараттық-талдамалық, ұйымдық-құқықтық және материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету саласындағы басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. "Павлодар облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің ведомстволары жоқ.

3. "Павлодар облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының заңдарына, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. "Павлодар облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, оның мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

5. "Павлодар облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. "Павлодар облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі егер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. "Павлодар облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен "Павлодар облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. "Павлодар облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, 140000, Павлодар қаласы, Академик Сәтбаев көшесі, 49-үй.

10. "Павлодар облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің жұмыс тәртібі: дүйсенбі - жұма күндері сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін, демалыс күндері: сенбі - жексенбі.

11. Мемлекеттік мекеменің мемлекеттік тілдегі толық атауы: "Павлодар облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі, орыс тілінде толық атауы: государственное учреждение "Аппарат акима Павлодарской области".

12. Мемлекет Павлодар облысы әкімдігінің тұлғасында "Павлодар облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің құрылтайшысы болып табылады.

13. Осы Ереже "Павлодар облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

14. "Павлодар облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру облыстық бюджеттен жүзеге асырылады.

15. "Павлодар облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен "Павлодар облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер "Павлодар облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілерімен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

## **2. "Павлодар облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің миссиясы, мақсаты, қызметінің мәні, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері**

16. "Павлодар облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің миссиясы: облыс әкімінің өзіне сеніп тапсырылған аумақта мемлекеттік саясатты жүргізу жөніндегі қызметін қамтамасыз ету.

17. "Павлодар облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің мақсаты: Павлодар облысы әкімінің қызметін ақпараттық-талдамалық, ұйымдық-құқықтық және материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ететін іс-шараларды облыстық деңгейде іске асыру.

18. Облыс аумағында мемлекеттік саясатты жүргізу жөніндегі облыс әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру "Павлодар облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің мәні болып табылады.

19. Міндеттері:

1) облыс әкімінің өзіне сеніп тапсырылған аумақта мемлекеттік саясатты жүргізу жөніндегі қызметін қамтамасыз ету;

2) қоғамдық келісімнің, саяси тұрақтылықтың, экономикалық дамудың, қазақстандық отансүйгіштіктің конституциялық қағидаттарын іске асыруға, өңірдің неғұрлым маңызды мәселелерін демократиялық әдістермен шешуге ықпал ету;

3) Қазақстан Республикасының даму стратегиясына сәйкес облыстың әлеуметтік-экономикалық даму, әлеуметтік-экономикалық реформаларды жүзеге асырудың тетіктері мен тактикасы жетілдіру жоспарларын әзірлеуге қатысу;

4) орталық және жергілікті мемлекеттік органдармен, ұйымдармен және азаматтармен өзара іс-қимыл жасасу;

5) облыстағы жергілікті атқарушы органдардың қызметін үйлестіру;

6) ішкі аудит объектісінің Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарында көзделген тікелей және түпкі нәтижелерге қол жеткізуін, қаржылық және басқарушылық ақпараттың сенімділігі мен анықтығын, мемлекеттік органдар қызметін ұйымдастырудың ішкі процестерінің тиімділігін, көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын, мемлекет активтерінің сақталуын талдауды, бағалауды және тексеруді жүзеге асырады.

**Ескерту. 19-тармаққа өзгерістер енгізілді – Павлодар облыстық әкімдігінің 02.02.2016 № 31/1 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

20. Функциялары:

1) облыс әкімдігі мәжілістерін, облыс әкімінің қатысуымен өтетін іс-шараларды, мәжілістерді, семинарларды, шетел делегацияларын қарсы алуды, облыс әкімінің өңірлерге сапарға баруын ұйымдық, құқықтық, ақпараттық-талдамалық, консультативтік, материалдық-техникалық жағынан дайындауды және өткізуді, сондай-ақ облыс әкімінің қатысуымен өтетін көрсетілген және өзге де іс-шараларды қаржыландыруды қамтамасыз ету;

2) келесі мәселелер бойынша ақпараттық материалдарды дайындау және ұсыну:

индустриялық-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде инвестициялық жобаларды іске асыру;

өнеркәсіптік өндірісті және құрылыс индустриясын, шағын және орта бизнесті дамыту;

бюджет саясаты және мемлекеттік активтерді басқару, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы, бағалар мен тарифтерді қалыптастыру;

білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы бағдарламаларды іске асыру;

ауылшаруашылық өндірісін дамыту және азық-түлік тұрақтандыру қорын құруды ұйымдастыру;

агроөнеркәсіп кешенін дамыту, қоршаған ортаны және су ресурстарын қорғау бағдарламаларын іске асыру;

ақпараттық, тіл және ономастика, жастар және дін саясатын ұйымдастыру; қоғамдағы қоғамдық-саяси өзгерістерді ақпараттық сүйемелдеуді ұйымдастыру;

3) облыс әкімдігі мен әкімінің норма жасау қызметін қамтамасыз ету:

облыс әкіміне азаматтар мен ұйымдарды құқықтық қорғаудың тиімді мемлекеттік тетігін қалыптастырудың негізгі бағыттары жөнінде ұсыныстар енгізеді;

заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайту, облыс әкімінің норма жасау қызметінің тетігін жетілдіру жөнінде шаралар қолданады;

облыс әкімдігі мен әкімінің қарауына енгізілетін нормативтік құқықтық актілерге құқықтық талдауды жүзеге асырады, облыс әкімдігі мен әкімі актілерінің жобаларын әзірлеуге және пысықтауға қатысады;

4) Павлодар облысының терроризмге қарсы комиссиясының қызметін үйлестіру;

5) Қазақстан Республикасы Терроризмге қарсы орталығының Штабымен өзара іс-қимылды қамтамасыз ету;

6) облыстың өкілді органымен (бұдан әрі – мәслихат) қарым-қатынас жасауда облыс әкімінің өкілеттіктерін қамтамасыз етеді:

облыс әкімін мәслихаттағы және оның тұрақты комиссияларындағы норма жасау қызметінің жай-күйі, онда қаралатын мәселелер туралы ұдайы хабардар етеді, шешімнің жобалары бойынша облыс әкімдігі мен әкімінің ұстанымын түсіндіреді;

облыс әкіміне мәслихат шешімдерінің жобаларын қарау басымдылығын айқындау, сессиялар аралығы кезеңдерінде мәслихаттың кезектен тыс отырыстарын шақыру, мәслихат отырыстарында облыс әкімінің қатысу қажеттілігі жөнінде ұсыныстар енгізеді;

Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттарымен өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді;

7) мәслихат бекітетін облыстық бағдарламаларды әзірлеуге және іске асыруға қатысады;

8) мемлекеттік наградалармен марапаттау, құрметті атақтарды беру және облыс әкімінің мадақтаулары жөнінде облыс әкіміне ұсыныстар енгізеді;

9) облыс әкіміне және облыс әкімдігіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік және консультативтік-кеңестік органдарға қатысты облыс әкімінің өкілеттіктерін қамтамасыз етеді:

облыс әкіміне жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік органдар және облыс әкімі мен әкімдігіне тікелей бағынатын және есеп беретін

консультативтік-кеңесші органдарды құру, қысқарту және қайта ұйымдастыру жөнінде ұсыныстар енгізеді;

облыс әкімі мен әкімдігіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік және консультативтік-кеңесші органдармен өзара іс-қимылды және олардың қызметін үйлестіруді қамтамасыз етеді;

10) облыс әкімінің өңірлік саясат саласындағы өкілеттіктерін іске асырады:

облыс әкімі үшін өңірлік саясаттың стратегиясы, қалалар мен аудандардың өкілетті және атқарушы органдарының сындарлы бірлесіп жұмыс істеуі, олардың облыстық және орталық мемлекеттік және өкілетті органдарымен өзара іс-қимылы бойынша ұсыныстарды болжауды және тұжырымдауды жүзеге асырады;

облыс әкімінің қалалар мен аудандар әкімдерімен өзара іс-қимыл жасасуын қамтамасыз етеді;

облыс әкіміне қалалар мен аудандар әкімдері актілерінің күшін жою не толығымен немесе ішінара тоқтату жөнінде ұсыныстар енгізеді;

облыс әкімдігі мен әкімі актілерінің Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкестігін қамтамасыз етеді;

жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың облыс әкімінің актілері мен тапсырмаларын сөзсіз және түбегейлі орындауды қамтамасыз етеді;

11) облыс әкімі тапсырмаларының орындалуына жүйелі түрде мониторинг жүргізеді, тапсырмалардың толық және сапалы орындалуын талдайды және бақылауды жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізеді;

12) тиісті лауазымдық тұлғалардың ауызша, қажет болған жағдайда, жазбаша түсініктемелерін тыңдайды және талап етеді, нәтижелері және жасалған қорытындылары жөнінде облыс әкіміне жүйелі түрде баяндап отырады;

13) нормативтік құқықтық актілерді және тапсырмаларды орындамаудың себептері мен шарттарын айқындайды, анықталған бұзушылықтарды жою бойынша шаралар қабылдайды;

14) облыс әкімінің қызметін ақпараттық-талдамалық жағынан қамтамасыз етуді жүзеге асырады:

ішкі саяси ахуалға, облыстың мемлекеттік органдары мен лауазымдық тұлғаларының жұмысына талдау жүргізеді, қоғамдық пікірді зерделейді, саяси және әлеуметтік-экономикалық ахуалдың дамуын, этносаралық қатынастарды болжамдайды, қоғамдық маңызы бар мәселелер жөнінде ұсыныстар дайындайды;

ақпаратты жинауды, өңдеуді жүзеге асырады және облыс әкімін ішкі саясат мәселелері бойынша ақпараттық-талдамалық материалдармен қамтамасыз етеді;

облыс әкімінің бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жұртшылықпен байланысын орнатуды және үнемі дамытуды қамтамасыз етеді, облыс

ассамблеясының іс-шараларын өткізуге, облыс әкімдігі мен әкімінің қабылдайтын актілерін түсіндіруге қатысады;

15) облыс әкімінің персоналды басқару және мемлекеттік қызметтің кадр саясаты саласындағы бағытын жүргізуді қамтамасыз етеді:

кадр жұмысының, мемлекеттік қызметтің жай-күйін және жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың мемлекеттік қызметшілерін кәсіби даярлаудың деңгейін талдайды, "А" корпусының әкімшілік лауазымдарына кадр резервін қалыптастыруға қатысады;

"А" және "Б" корпусының саяси және әкімшілік мемлекеттік қызметшілерін қызметке тағайындау мен қызметтен босату кезінде материалдарды ресімдейді, облыс әкімімен тағайындалатын және келісімделетін лауазымды тұлғалардың мемлекеттік қызметті өткеруімен байланысты өзге де мәселелерді шешеді және олардың жеке істерін жүргізеді;

жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың мемлекеттік қызметшілерінің кәсіби қайта даярлықтан өтуін ұйымдастырады;

қолданыстағы заңнамаға сәйкес "Павлодар облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің әкімшілік мемлекеттік қызметшілерін, облыс әкімімен тағайындалатын басқа да лауазымды тұлғаларды аттестаттауды және олардың қызметін жыл сайынғы бағалауды жүргізеді;

16) жергілікті атқарушы органдардың персоналды басқару жөніндегі қызметінің тиімділігін бағалау бойынша жұмыс жүргізеді, осы бағыт бойынша көрсеткіштерді жақсарту жөнінде ұсыныстар енгізеді;

17) облыс әкімінің қызметін құжаттамалық жағынан қамтамасыз етуді жүзеге асырады:

облыс әкімдігі мен әкімінің актілерін тіркеуді жүргізеді;

облыс әкімдігі мен әкімі актілерінің, консультативтік-кеңесші органдар құжаттарының тиісті түрде ресімделуін, таратылуын және жариялануын қамтамасыз етеді;

"Павлодар облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінде іс жүргізуді ұйымдастырады;

облыс әкімінің, оның орынбасарларының және "Павлодар облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің атына келіп түскен қызметтік және басқа да хат-хабарларды есепке алуды жүзеге асырады, хат-хабарлардың жедел жылжуы, қаралуы және жіберілуі жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

құжат айналымына талдау жүргізеді;

облыс әкімдігі мен әкімі актілерінің сақталуын, бір жүйеге келтірілуін және кодификациялануын қамтамасыз етеді;

мемлекеттік тілдің кеңінен қолданылуына, іс жүргізу қағидаларының сақталуына, жұмыс стилі мен әдістерін жақсартуға бағытталған шаралар қабылдайды;

азаматтарды қабылдауды ұйымдастырады;

"Павлодар облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіндегі құпиялық тәртібінің сақталуын қамтамасыз етеді, "Павлодар облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі қызметкерлерінің, облыс әкімі тағайындайтын басқа да лауазымды тұлғалардың құпия құжаттарды пайдалануға рұқсат беруге арналған материалдарды ресімдейді;

18) облыс әкімінің қызметін байланыс құралдарымен, ақпараттық есептеу және ұйымдастыру техникаларымен қамтамасыз ету, ақпараттық жүйелер құру, оларды пайдалану және жөндеу жөніндегі бағдарламалар әкімшісінің функцияларын атқарады;

19) облыс әкімінің қызметін әлеуметтік-тұрмыстық және көліктік қызмет көрсету жағынан қамтамасыз етуді жүзеге асырады:

облыстық бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын шығыстар сметасының жобасын әзірлейді, оларды үнемді жұмсауға және мақсатты түрде пайдалануға қажетті шаралар қабылдайды;

қызмет көрсетуді, күрделі және ағымдағы жөндеуді ұйымдастырады, өзінің иелігіндегі ғимараттар мен құрылымдарды қайта құрудың тапсырыс берушісі болады;

жедел бухгалтерлік және статистикалық есептерді жүзеге асырады, қаржы және басқа да органдарға белгіленген тәртіпте шығыстар сметасын орындау жөніндегі баланстар мен есептерді ұсынады;

электрмен, жылумен және сумен жабдықтауды үздіксіз қамтамасыз ету, өрт қауіпсіздігі, ғимараттарды күзету, оларды күзгі-қысқы және жазғы кезеңдерге дайындау жөніндегі шарттық және келісім-шарттық жұмыстарды жүргізеді;

аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің сайлауын қамтамасыз етуді және өткізуді ұйымдастырады;

20) Қазақстан Республикасы Үкіметімен белгіленген тәртіпте облыстық бюджеттен, аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдарының бюджетінен қаржыландырылатын атқарушы органдары қызметінің тиімділігін бағалауды жыл сайын жүргізуді қамтамасыз етеді, осы мақсатта келесі жұмысты атқарады:

облыс әкіміне жергілікті атқарушы органдар қызметінің тиімділігін бағалау нәтижелерін енгізеді;

орталық мемлекеттік органдарға жергілікті атқарушы органдар қызметінің тиімділігін бағалау нәтижелері жөніндегі есептік ақпаратты жібереді;



облыс әкімін жыл сайынғы бағалау нәтижелері бойынша жергілікті атқарушы органдар қызметінің тиімділігі мәселелері жөніндегі қажетті ақпараттық-талдамалық материалдармен қамтамасыз етеді;

мемлекеттік қызмет көрсету жөніндегі нормативтік құқықтық актілердің әзірленуіне мониторинг жүргізеді, жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік қызмет көрсету жөніндегі қызметін үйлестіруді жүзеге асырады;

құжат айналымын жетілдіреді және жаңа ақпараттық технологияларды енгізеді;

дерекқорды құру, облыс әкімі аппаратының жауапты қызметкерлерін жаңа ақпараттық технологияларға оқыту бойынша жұмыс жүргізеді;

қолданыстағы ақпараттық жүйелерді басқару бойынша, облыс әкімі сайтының жай-күйіне және орналастыру үшін ақпараттың уақытында келіп түсуіне әкімшілік бақылауды жүзеге асыру;

21) жалпыға бірдей әскери міндеттілікті орындау шеңберінде жұмылдыру дайындығы, аумақтық және азаматтық қорғаныс бойынша іс-шараларды әзірлейді және жүзеге асырады;

22) төтенше жағдайлар, жұмылдыру дайындығы және аумақтық қорғаныс мәселелері бойынша жергілікті атқарушы органдардың қызметін үйлестіреді және орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерімен өзара іс-қимылын ұйымдастырады;

23) облыс әкімдігі мен әкімінің актілерімен, өзге де нормативтік құқықтық актілермен көзделген жағдайда, акционерлік қоғамдардың мемлекеттік акциялар пакетін және жауапкершілігі шектеулі серіктестігіндегі қатысу үлестерін иелену және пайдалану құқығын, мемлекеттік заңды тұлғалардың құқық субъектісінің өкілеттіктерін жүзеге асырады, соның ішінде тиісті саланың уәкілетті органдарының құзыретіне ұқсас оларға қатысты шешімдер қабылдайды;

24) облыс әкіміне Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес республикалық және (немесе) жергілікті бюджеттердің қаражатын пайдалану кезінде бұзушылықтардың жолын кесу, оларды болдырмау, анықталған кемшіліктерді жою, мемлекеттік органдар қызметін ұйымдастырудың ішкі процестерінің тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстармен ішкі аудит нәтижелері туралы есеп береді.

**Ескерту. 20-тармаққа өзгерістер енгізілді – Павлодар облыстық әкімдігінің 02.02.2016 № 31/1 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

21. Құқықтары мен міндеттері:

"Павлодар облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі өзіне жүктелген міндеттерді орындау және осы Ережеде қарастырылған өкілеттіктерді жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртіпте:

1) мемлекеттік органдардан және өзге де ұйымдардан, лауазымды тұлғалардан "Павлодар облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі алдына қойылған міндеттерді орындауға байланысты мәселелер жөніндегі қажетті ақпаратты, құжаттар мен өзге де материалдарды өтеусіз негізде сұратуға және алуға;

2) жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың ұйымдық қызметін жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды облыс әкімдігі мен әкімінің қарауына ұсынуға;

3) шарттар, келісімдер мен өзге де заңды мәмілелерді жасасуға;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының (қатысушылардың жалпы жиналысының) құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша акционер (қатысушы) ретінде мемлекеттің мүддесін білдіруге құқылы.

### **3. "Павлодар облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің қызметін ұйымдастыру**

22. "Павлодар облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне басшылықты "Павлодар облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын облыс әкімі аппаратының басшысы жүзеге асырады.

23. Облыс әкімі аппаратының басшысын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес облыс әкімі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

24. Облыс әкімі аппараты басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

25. Облыс әкімі аппараты басшысының өкілеттігі:

1) "Павлодар облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің жұмысын ұйымдастырады, оның қызметіне басшылықты жүзеге асырады, "Павлодар облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және өз функцияларының жүзеге асыруына дербес жауап береді;

2) "Павлодар облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі туралы ережеге өзгерістер енгізу туралы жобаларды облыс әкімінің бекітуіне ұсынады, оның құрылымы мен штаттары жөнінде ұсыныстар енгізеді;

3) Алынып тасталды - Павлодар облыстық әкімдігінің 02.02.2016 № 31/1 ( алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

4) жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың басшы лауазымдарына тағайындау үшін кандидатураларды облыс әкімімен келісімдеуді қамтамасыз етеді;

5) Алынып тасталды - Павлодар облыстық әкімдігінің 02.02.2016 № 31/1 ( алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

6) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес құрылым шеңберінде кадрлық өзгерістерді жүргізеді;

7) Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасының " Павлодар облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінде орындалуын бақылайды;

8) Алынып тасталды - Павлодар облыстық әкімдігінің 02.02.2016 № 31/1 ( алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

9) Алынып тасталды - Павлодар облыстық әкімдігінің 02.02.2016 № 31/1 ( алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

10) облыс әкімі тағайындайтын лауазымды тұлғаларға тәртіптік жаза қолдану немесе оны алу туралы ұсыныстарды облыс әкімінің қарауына енгізеді;

11) Алынып тасталды - Павлодар облыстық әкімдігінің 02.02.2016 № 31/1 ( алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

12) Алынып тасталды - Павлодар облыстық әкімдігінің 02.02.2016 № 31/1 ( алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

13) Алынып тасталды - Павлодар облыстық әкімдігінің 02.02.2016 № 31/1 ( алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

14) "Павлодар облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінде бұйрықтар шығарады және нұсқаулықтарды бекітеді;

15) "Павлодар облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіндегі ішкі еңбек тәртібін белгілейді;

16) "Павлодар облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің шығыстар сметасын бекітеді және соның шеңберінде қаржылай қаражатқа иелік етеді;

17) қызметтік құжатқа қол қояды;

18) Алынып тасталды - Павлодар облыстық әкімдігінің 02.02.2016 № 31/1 ( алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

19) Алынып тасталды - Павлодар облыстық әкімдігінің 02.02.2016 № 31/1 (

алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

20) Алынып тасталды - Павлодар облыстық әкімдігінің 02.02.2016 № 31/1 ( алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

21) азаматтарды жеке қабылдауды жүзеге асырады;

22) Алынып тасталды - Павлодар облыстық әкімдігінің 02.02.2016 № 31/1 ( алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

23) мәслихаттың ашық және жабық мәжілістеріне қатысады;

24) облыс әкімдігінің, консультативтік-кеңесші органдардың мәжілістеріне дайындық жөніндегі жұмысты үйлестіреді;

25) облыс әкімінің қатысуымен өтетін іс-шараларды ұйымдастыру бойынша жұмысты үйлестіреді;

26) мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдарда "Павлодар облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің мүддесін білдіреді;

27) аппаратқа жүктелген мақсаттарды іске асыруды ұйымдастырады;

28) өз құзыреті шегінде аппараттың құрылымдық бөлімшелерінің жұмысын ұйымдастырады, үйлестіреді және бақылайды;

29) аппараттың құрылымы мен штат кестесін, оның құрылымдық бөлімшелері туралы ережені бекітеді;

30) аппараттағы "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерін мемлекеттік лауазымдарға тағайындайды және мемлекеттік лауазымдардан босатады;

31) аппараттың тәртіптік және конкурстық комиссияларының қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады;

32) қызметтік тәртіптің сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

33) еңбек қатынастары мәселелері жоғары тұрған лауазымды адамдардың құзыретіне жатқызылған жұмыскерлерді қоспағанда, аппараттың мемлекеттік қызметшілерін іссапарға жіберу, оларға демалыстар беру, материалдық көмек көрсету, оларды даярлау, қайта даярлау, біліктілігін арттыру, көтермелеу, үстемеақылар белгілеу мәселелерін шешеді;

34) еңбек қатынастары мәселелері жоғары тұрған лауазымды адамдардың құзыретіне жатқызылған жұмыскерлерді қоспағанда, аппараттың мемлекеттік қызметшілерінің тәртіптік жауаптылығы мәселелерін шешеді;

35) өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы талаптарының орындалуын қамтамасыз етеді;

36) облыстың жергілікті атқарушы және өкілді органдары қабылдаған шешімдердің орындалу барысын бақылайды;

37) Қазақстан Республикасының заңдарында және өзге де нормативтік құқықтық актілерінде жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады;

38) қызметтік әдеп нормаларының сақталуын қамтамасыз ету және мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамалар мен Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексі бұзушылықтарының алдын алу жөніндегі функцияларды жүктейді;

39) Қоғамдық кеңеспен өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді.

Облыс әкімі аппаратының басшысы болмаған кезеңде, оның өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

**Ескерту. 25-тармаққа өзгерістер енгізілді – Павлодар облыстық әкімдігінің 02.02.2016 № 31/1 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

26. Облыс әкімінің аппаратының басшысы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

27. "Павлодар облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын облыс әкімі аппаратының басшысы басқарады.

28. "Павлодар облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі мен коммуналдық мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті орган (облыстың жергілікті атқарушы органы) арасындағы өзара қарым-қатынас Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

29. "Павлодар облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі мен тиісті саланың уәкілетті органы (облыстың жергілікті атқарушы органы) арасындағы өзара қарым-қатынас Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

30. "Павлодар облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің әкімшілігі мен еңбек ұжымының арасындағы өзара қарым-қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес белгіленеді.

#### **4. "Павлодар облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің мүлкі**

31. "Павлодар облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

"Павлодар облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

32. "Павлодар облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

33. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, "Павлодар облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің өзіне бекітілген мүлікті және оған қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

## **5. "Павлодар облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және қысқарту (тарату)**

34. "Павлодар облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және қысқарту Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

35. "Павлодар облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесін тарату кезінде несиегерлердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған мүлік облыстық коммуналдық меншікте қалады.

## **"Павлодар облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесі**

1) Павлодар облысы әкімі аппаратының "Офис-сервис" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

2) Павлодар облысы әкімі аппаратының "Павлодар аймақтық мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау және біліктілігін арттыру орталығы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

3) "Павлодар облысының автошаруашылығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

4) "Информационно-технический сервис" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

5) "Павлодар облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Жұмылдыру дайындығын және аумақтық қорғанысты қамтамасыз ету басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

6) Павлодар облысы әкімі аппаратының "Қоғамдық келісім" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

**Ескерту. Тізбеге өзгеріс енгізілді - Павлодар облыстық әкімдігінің 07.07.2015 N 199/7 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК